

2023 жылғы қаңтар-шілдедегі негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы

Шығарылған күні: 17тамыз2023ж.
Келесі шығарылған күні:18қыркүйек2023ж.

1. Түйінді тұстары
2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Байланысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары


2023 жылғы қаңтар-шілдеде негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 8103,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2022 жылғы қаңтар-шілдеден (салыстырмалы бағамен) 12,4% көп.

Абайоблысында 54,3%-ға, Манғыстау облысында 45,9%-ға, Батыс-Қазақстан облысында 31,9%-ға, Павлодар облысында 24,9%-ға, Қызылорда облысында 24,2%-ға және Шымкент қаласында 23,9%-ға, елеулі өсуі байқалды.

2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы

2021 жылдың тамыз айынан бастап инвестиция көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсу серпініне ие.

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



Инвестицияның едәуірлесін Атырау облысы алады (19,9%).

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың физикалық көлемінің индекстері

	2023 жылғы шілде		2023 жылғы қаңтар-шілде 2022 жылғы қаңтар-шілдеге
	2023 ж. маусымға	2022 ж. шілдеге	
Республика Казахстан	84,3	109,0	112,4
Абай	30,9	156,6	154,3
Ақмола	68,1	87,4	111,6
Ақтөбе	127,0	128,9	108,3
Алматы	71,4	102,4	116,3
Атырау	94,6	79,8	100,2
Батыс-Қазақстан	96,6	136,3	131,9
Жамбыл	25,2	54,6	115,9
Жетісу	86,5	97,5	100,4
Қарағанды	79,1	124,2	118,3
Қостанай	105,7	94,8	114,6
Қызылорда	98,6	129,4	124,2
Манғыстау	104,9	169,3	145,9
Павлодар	57,0	103,1	124,9
Солтүстік Қазақстан	56,6	120,5	101,0
Түркістан	83,2	219,1	122,5

Ұлытау	133,7	131,0	104,5
Шығыс Қазақстан	56,2	106,4	110,1
Астана қаласы	111,6	121,9	109,6
Алматы қаласы	121,5	105,5	101,6
Шымкент қаласы	101,8	103,3	123,9

Жалпы республикалық күрделі салымдар көлемінің жартысына жуығын ірі және орта кәсіпорындар жүзеге асырады.


Кәсіпорындардың мөлшері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға инвестицияларды игерді	Соның ішінде		
		Мың теңге		
		Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	Ірі кәсіпорындар
Қаңтар-шілде 2021 жыл	6223140581	3170875778	557031905	2495232898
Қаңтар-шілде 2022 жыл	6872033139	3 601 056 027	346 440 300	2924536812
Қаңтар-шілде 2023 жыл	8103721745	4154501058	537100850	3412119837

Жалпы шығындардың шамамен 60% ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге, жалпы көлемінің шамамен 30% машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға жұмсалады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ элементтерінің технологиялық құрылымы

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты болып қала береді, олардың көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде 6161,1 млрд. теңгені немесе жалпы көлемнің 76% құрады.

Бюджет қаражаты негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 14,3% құрады, бұл ретте 2022 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 25%-ға ұлғайды.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы банк саласының үлесі 2,1% алады.

Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	2023 жылғы қаңтар-шілде		Анықтама: қорытындыға пайызбен	
	мың теңге	қорытындыға пайызбен	2022 жылғы қаңтар-шілде	2021 жылғы қаңтар-шілде
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	8103721745	100,0	100,0	100,0
қаражаттарды қоса алғанда:				
мемлекеттік бюджеттен	1 159 563 293	14,3	12,9	12,8
меншікті қаражат	6161111996	76,0	75,4	72,6
банктердің кредиттері	170 523 876	2,1	3,0	2,6
одан:				
шетелдік банкттердің кредиттері	1447017	0,0	0,3	0,9
басқада қарыз қаражаты	612522580	7,6	8,8	12,1
одан:				
резидент емес қарыз қаражаты	223261896	2,8	1,4	2,1

2023 жылғы қаңтар-шілдеде негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке (49,2%)(оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібіне және карьерлерді қазуына- 32,4%, өңдеуөнеркәсібі- 8,3%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (19,2%),көлік пен қоймаға(11,9%),ауыл, орман және балық шаруашылығы(6,1%) тиесілі.

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	2022жылғы қаңтар-шілдеге, пайызбен	Инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, пайызбен
Барлығы	8103721745	112,4	100,0
оныңішінде:			
ауыл, орманжәнебалықшаруашылығы	491 113 904	121,3	6,1
Өнеркәсіп	3 987 801 332	109,0	49,2
оныңішінде:			
кенөндіруөнеркәсібіжәнекарьерлердіқазу	2 624 055 330	108,4	32,4
өңдеуөнеркәсібі	673 038 355	88,9	8,3
электрэнергиясымен, газбен,бумен, ыстықсуменжәнеауаны-кондициялауменжабдықтау	446 628 903	149,7	5,5
суменжабдықтау; қалдықтардыжинау, өңдеужәнежою, ласта-нудыжоюбойыншақызмет	244 078 746	141,4	3,0
Құрылыс	94 576 829	104,4	1,2
көтермежәнебөлшексауда; автомобильдердіжәнемотоцикл-дердіжөндеу	185 128 135	122,6	2,3
көлікжәнеқоймалау	966 655 717	157,7	11,9
тұружәнеамақтанубойыншақызметкөрсету	64 390 396	121,9	0,8
ақпаратжәнебайланыс	61 544 731	96,5	0,8
қаржыжәнесақтандыруқызметі	56 898 290	89,9	0,7
жылжымайтынмүлікпенжасалатыноперациялар	1 556 088 423	100,6	19,2
кәсіби, ғылымжәнетехникалыққызмет	45 080 631	168,2	0,6
әкімшілікжәнеқосалқықызметкөрсетусаласындағықызмет	82445437	126,1	1,0
Мемлекеттікбасқаружәнеқорғаныс; міндеттіәлеуметтікқамтамасыз-ету	69471001	136,6	0,9
білім беру	191 229 255	124,3	2,4
денсаулықсақтаужәнехалыққаәлеуметтікқызметкөрсету	143 797 839	143,9	1,8
өнер, ойын-сауықжәнедемалыс	88 339 181	114,5	1,1
өзге де қызметтертүрлерінкөрсету	19 160 632	52,7	0,2

Электронды кестелер:

[Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы](#)

3. Глоссарий

Негізгі капиталға инвестициялар-инвесторлардың жаңа құрылыс, сондай-ақ объектінің кеңейту(объектінің бастапқы құнының ұлғаюына әкеп соғатын)жағдайында инвесторлар үшін экономикалық, әлеуметтікнемесе экологиялық әсералу мақсатындағы инвестициялар, машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алу, негізгі табынды, көпжылдық екпелердіқалыптастыруға кететін шығындар және т.б.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына және күрделі жөндеуге арналған шығындарға ғимараттар мен құрылыстарды салу, кеңейту, реконструкциялау, энергетикалық, технологиялық және басқа жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстар бойынша кешенді жұмыстардың шығындары, сондай-ақ тұрғын емес, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу жөніндегі шығындар жатады.

Машиналар мен жабдықтарды сатып алуға арналған шығындар-машиналарды, Көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алуға арналған шығындарды қамтитын инвестициялардың технологиялық құрылымының элементі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар-жобалау-іздістіру жұмыстарына, авторлық қадағалауға, салынып жатқан объектілер дирекцияларын ұстауға арналған шығыстар, мәдениетті биологиялық шығындарға арналған шығындар, сондай-ақ ұйымдар құрған немесе сатып алған, шаруашылық қызметте бір жылдан астам пайдаланылатын, ақшалай бағасы бар, иеліктен шығару қабілеті бар және кірістер әкелетін объектілерге жұмсалатын шығындар, бірақ материалдық құндылықтар емес.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі динамикадағы инвестициялық инвестициялардың өзгеруін сипаттайды, есепті және салыстырылатын кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің салыстырмалы бағалардағы қатынасымен анықталады.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Негізгі капиталға инвестициялар туралы статистикалық ақпарат инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің (жұмыс істейтіндердің санына және экономикалық қызмет түріне қарамастан) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларының және жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың бастапқы статистикалық деректері негізінде қалыптастырылады.

Инвестициялық салымдарды есепке алу инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектінің тіркелген жеріне қарамастан, нақты жүзеге асырылатын жер бойынша көзделген.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы айлық негізде қалыптастырылған жедел деректер жылдық деректермен нақтыланады.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы деректер пайдалану бағыты бойынша (инвестиция (түпкілікті пайдалану) бағытының сипатына және инвестордың экономикалық қызметінің түріне байланысты) қалыптастырылады.

Толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтеме бойынша қол жетімді

[Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі](#)

5. Байланысты басылымдарға сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі»](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық форма «Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» \(индекс 1-инвест, айлық\)](#)

Ақпараттық-аналитикалық жүйесі «Талдау» www.taldau.stat.gov.kz/Инвестициялар және құрылыс статистикасы/Инвестициялар

[Сапа туралы есеп](#)

Жауапты шығарушы: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры: Ә.Шауенова Тел. +7 7172 749056	Исполнитель: Д. Бустаев Тел. +7 7172 749317 E-mail: da.bustayev@aspire.gov.kz	Адрес: 010000, Астана қаласы пр. Мәңгілік ел, 8 Министерлік үй, 4 подъезд
--	--	---	---
